

**«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Тереңсай а.

31.03.2022ж

Қамқоршылық кеңес төрайымы - Куандықова Р.М.

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Өтейбек А.А, Искакова Г.У, Абишева Ж.К, Бурхин Е.А, Примжарова Т.К, Тұрғанов Н.Б, Жаксылықова С.М, Танбаева С.Ж.

Мектеп директоры –Кобиланов Р.Ж.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –Жангабулова Т.С

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Құқықбұзушылыққа бейім жасөспірімдердің қосымша білім берумен қамтылуына бақылау жүргізу;
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құқық бұзушылыққа бейім жасөспірімдердің ата – аналарымен жұмыс;
3. Көктемгі іс –шаралар өткізу және оқушылардың демалысын өткізу туралы;
4. Мектеп асханасындағы ас мәзіріндегі тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.

**1-ші мәселе бойынша тыңдалды қамқоршылық кеңесінің мүшесі
Жаксылықова С:**

- «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары» тақырыбында баяндама оқылды. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында спорттық іс – шаралар өткізу жоспарлары қадағаланды. Жалпы оқушылар тәртібі үнемі қадағалануда. Есептегі «қиын» оқушылар жоқтығы анықталды.

2-мәселе бойынша тыңдалды қамқоршылық кеңесінің мүшесі Примжарова Т:

- Ата–аналар комитеті тарапынан құқық бұзушылыққа бейім жасөспірімдер және олардың ата –аналарымен жұмыс жасалуда. Қазіргі уақытта оқушылар мен ата –аналар мектептің қоғамдық іс –шараларына белсене қатысады. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жасөспірімдермен жұмысты үнемі жүргізіп отырамыз.

3-ші мәселе бойынша тыңдалды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жангабулова Т. көктемгі іс –шаралар өткізу және оқушылардың демалысын өткізу туралы кеңес мүшелеріне демалыс уақытындағы балалардың қауіпсіздігі және өткізілетін іс –шаралармен таныстырып өтті. Көктемгі демалыс уақытында ұйымдастырылатын түнгі рейдке шығу кестесімен таныстырды.

4-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Санабаев Р. асхананың бекітілген ас мәзірімен қамқоршылық кеңес мүшелеріне таныстырып өтті. Ұсынылған мәзір бойынша Кеңес мүшелері толықтай танысып, онымен келісетінін айтып өтті.










Қамқоршылық кеңес шешім етті :

1. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу іс – шаралары «қанағаттанарлық» деп есептелсін.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне белсенді түрде жұмыстану тапсырылсын.
3. Көктемгі демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігін бақылау ата – аналарға тапсырылсын және оқушылардың көктемгі демалыс уақытын тиімді пайдану мақсатында жоспар бойынша іс –шараларға белсенді ат салысу тәлімгерге жүктелсін.
4. Мектеп асханасындағы тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ата–аналар жиналысында таныстырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы

Хатшы

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

	Куандыкова Р.М.
	Жангабулова Т.С.
	Бурхин Е.А.
	Абишева Ж.К.
	Өтейбек А.А.
	Примжарова Т.К.
	Искакова Г.У.
	Турганов Н.Б.
	Танбаева С.Ж.